

ӘОЖ 28-74

А.Ш. Әділбаев

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: adilalau72@mail.ru

Ислам шариғатында бұрынғы діндердің үкімдері

Мұсылман ғалымдары Құран мен хадистерге сүйене отырып, діндердің бәрінің бір Аллаһ та-рапынан жіберілгендігін ескеріп, діндердің бәрін біртұтастық шеңберінде қарастырған әрі алдыңғы пайғамбарлардың бәріне сенудің иман негіздеріне жататындығын ерекше атап өткен. Мұсылмандардағы «Бір дін, бірақ бөлек шариғат» түсінігі де – Құранға сүйене отырып жасалған тұжырым. Мұсылман ғалымдары дінді «усул» (негізгі), ал шариғатты әр пайғамбардың өз кезеңінде осы негізге сүйене отырып жүзеге асырылу пішіні деп пайымдаған. Осы ұстанымды негізге алған мұсылман ғалымдары алдыңғы иләһи діндерге де мән бере отырып, киелі кітаптарды зерттеуге айрықша назар аударып, салыстырмалы зерттеулер жүргізген. Бұрынғы діндердің үкімдерін зерттеу олардың ортақ тұстары мен айырмашылықтарын анықтауда маңызды рөл ойнаған. Әрине мұсылман шариғатында исламнан бұрынғы діндердің үкімдерін жетекшілікке алып-алмауға қатысты ғалымдардың пікірлері біркелкі емес. Оны қабылдаушылармен қатар, дәлелге санамайтын ғалымдардың да өзіндік ғылыми уәждері бар. Қорытындылай келе, мұсылман ғалымдарының бұл тақырыпты талқылауы өз кезегінде діндер тарихына ислам дінінің көзқарасы мен ұстанымдарын айқындау тұрғысынан ғылыми мәнге ие екендігін айтуға негіз бар.

Түйін сөздер: Ислам құқығы, құқық әдіснамасы, бұрынғы шариғаттар, діни дәлелдер, таухид

A.Sh. Adilbayev

The rulings of the Islamic Sharia pertaining to the pre-Islamic religions

The article deals with the problem of what came to be named in the field of the methodology of the Islamic Law as “sharu man kablana” (the Law of the pre-Islamic nations or religions). This set of laws is an additional one to other law mechanisms of the Islamic Sharia, but, nevertheless, widely resorted to by many Islamic scholars whilst working out religious rulings. This kind of rulings, in spite of being mentioned in Koran and Sunna, were left unelaborated as far as their being or not being in force is concerned. In the course of time, this fact has driven some scholars into inferring a number of theoretical and practical conclusions, some of which are dealt with in the article.

Keywords: Islamic law, law methodology, The Law of the pre-Islamic nations or religions, religious proofs, monotheism.

А.Ш. Адилбаев

Суждения исламского Шариата, свойственные доисламским религиям

В статье рассматривается проблема т.н. «Шару ман кабяна» (религиозно-правовые постановления доисламских культур). Эти постановления являются дополнительным механизмом исламского Шариата, к которому прибегают при вынесении тех или иных богословско-правовых суждений. Несмотря на то, что эти суждения были вкратце отмечены в Коране и Сунне, точной информации о том, насколько они сохранили свою законодательную силу, не имеется. Однако с течением времени, ряд

ученых Ислама пришел к важным практическим и теоретическим выводам касательно этих суждений; некоторые из этих выводов представляются вниманию читателей в статье.

Ключевые слова: исламское право, правовая методология, религиозно-правовые суждения доисламских наций и культур, религиозные доказательства, единобожие.

Адамзат өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған діндердің қалай пайда болғандығын анықтау мәселесі зерттеушілерді әрдайым қызықтырған маңызды мәселелердің бірі. Әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысынан кейін Дарвиннің эволюция теориясының ықпалы нәтижесінде діннің шығу тегіне қатысты түрлі көзқарастар пайда болды.

Көбінесе батыстық зерттеушілер дінді материалистік тұрғыдан зерттеді. Осылайша Эдуард Тайлор анимизм, Макс Мюллердің (1823-1900) натурализм, Француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгейм (1858-1917) тотемизмді алғашқы дін деп есептейді. Ағылшын этнологы, алғашқы діндерді зерттеуші ғалым Джеймс Джорд Фрейзер (1854-1941) «магиялық өнерді» дін пайда болғанға дейінгі кезеңде діннің дамуына үлес қосқанын айтты [1]. Броссес фетишизмді көрсетті. Фрэйдтің көзқарасы бойынша, діннің қайнары «Бала кезде бастырылып қалған хаиуани сезімдердің бертің келе қайта көрініс табуы» болса, В. Джеймс дінді «саликалы ақыл-ес пен науқас рухтың нәтижесі» деп санады. Карл-Густав Юнг дінді «аңыздарға, рәміздерге, қоғамдық түп-сананың рухани қазыналарына» апарып теліді. Діннің бастауын іздеушілерге кейін әлеуметтанушылар да қосылды. Дюркгейм діннің негіздерін қоғам мен оның аңсар-армандарынан іздесе, Маркс пен оның ұстаздары «ождансыз бір әлемнің жүрегі және халықтың санасын улайтын апиын» деп көрсетті [2].

Қорыта келе, діннің шығу тегін зерттеген ғалымдар *анимизм, тотемизм, натурализм, магия, фетишизм, паганизмдерді* бөле-жара атайды. Аталмыш діндер негізінен көп тәңірлік (политеистік) сенімнен тұрады. Ғалымдардың айтуы бойынша, алғашқы қауымдық құрылыс уақыт өткен сайын мәдениеттілікке қол жеткізіп, соңында мәдениетті, өркениетті елге айналғаны секілді, діндер де алғашқыда көп тәңірліктен бастау алып, бертің келе, бір құдайға (монотеизм) сыйынудың қалыптасқандығын айтады [3]. Әрине бұл мәселе толық шешімін тауып, ғалымдар бір тұжырым негізінде келісті деп айта алмаймыз. Біздің мақсатымыз діндердің

шығу тегін анықтау болмағандықтан, бұл мәселеге терең тоқталып жатпай, мұсылман ғалымдарының шарифаттық нормаларды белгілеуде алдыңғы діндердің үкімдерін қала бағалағандығын көрсетуге тырысамыз.

Ислам діні жоғарыдағы тұжырымдарға келіспейді. Ислам бойынша алғашқы жіберілген дін таухид, яғни монотеизм болып табылады. Адамдар о баста өте көркем әрі Жаратқанға сенуге бейім түрде жаратылған. Құдай Тағала адамзатты ерекше ардақтап жаратумен қатар оларды өз бетінше қоя бермей, тура жол көрсету үшін «ескертуші» пайғамбарлар жіберіп отырған. («Фатыр» сүресі, 24, «Нахил» сүресі, 36, «Исра» сүресі, 15, «Рағыз» сүресі, 7) Кейбір пайғамбарларға кітап берілсе, енді бірі сол алдыңғы пайғамбардың кітабындағы үкімдерді жетекшілікке алып, сол шарифатпен жүрген. Ал кітаптардағы үкімдер адамдар тарапынан бұрмаланып, өзгеріске ұшыраған кезде Ұлы Құдірет жаңасын жіберіп отырған. Адамдар көбейіп, қоғамдағы қажеттіліктер өзгерген кезде соған сай үкімдер де өзгерген. Алғашында парақшалар түрінде жіберілген үкімдер бертің келе кітапқа айналды. Ал ол өз кезегінде Құран кәріммен соңғы формасын иеленді. Міне осындай қарапайымдылықтан күрделілікке өту барысында кейбір үкімдер өзгергенімен таухид пен иман негіздеріне қатысты негізге ұстанымдар өзгермеген. Бүкіл пайғамбарлар өз үмбеттерін бір құдайға ғана сенуге (таухид) шақырған [4].

Осы ақиқаттарды ескере отырып, мұсылман ғалымдары «дін» мен «шарифат» ұғымдарының арасындағы айырмашылыққа да айрықша тоқталған. Бүкіл пайғамбарлардың бір дінді уағыздағандығы, бірақ шарифаттарының бір-бірінен ерекшеленгендігі Құран мен хадистерде баяндалған. Құранда **«Аллаһтың жанындағы шынайы дін – Ислам»** («Али Имран» сүресі, 19) деген Жаратқан Ие Нұх, Ибраһим, Жақып, Сүлеймен, Мұса, Иса пайғамбарлардың, тіпті Бұлқыстың және хауарилердің мұсылман екендігін білдіре отырып, пайғамбарларға сенуге байланысты ешқайсысын бөліп-жарып, алаламай иман келтіруді иманның негізі деп бекіткен

(«Бақара» сүресі, 285, «Али Имран» сүресі, 84). Мұхаммед пайғамбар да (с.а.с.) «*Пайғамбарлар – әкелері бір, аналары бөлек бауырлар, діндері бір*» [5] деп Құрандағы ақиқатты қуаттайды. Құранда бұл шындық «Мәида» сүресі, 48-аяты мен «Шура» сүресі, 13-аяттарында баяндалады. Мұсылмандардағы «Бір дін, бірақ бөлек шариғат» түсінігі де – Құранға сүйене отырып жасалған тұжырым. Мұсылман ғалымдары дінді «усул» (негізгі), ал шариғатты әр пайғамбардың өз кезеңінде осы негізге сүйене отырып жүзеге асырылу пішіні деп пайымдаған. Үндістандық ғалым Шах Абдулазиз Дыхләуи (қайтыс болған жылы 1823) «Бұрынғы пайғамбарлардың діндері фуруда (қосымша мәселелер) әр түрлі болғанымен усулда (негізде) бір» деп ой түйеді [6].

Ханафи құқық мектебінің негізін қалаушы Имам Ағзам Әбу Ханифа да діннің бір, шариғаттың әр түрлілігі мәселесін былайша түйіндейді:

«Аллаһтың елшілері (барлығына Аллаһтың салауаты мен сәлемі жаусын) әр түрлі дінді ұстанбағанын білмеймісің. Олардың ешқайсысы халқына өздерінен бұрын келген пайғамбарлардың діндерін тәрк етуді бұйырмаған. Өйткені пайғамбарлардың діндері бір. Сонымен қатар әр пайғамбар өз шариғатына үндеп, өзінен бұрынғы пайғамбардың шариғатына мойынсұнуға тыйым салған. Өйткені пайғамбарлардың шариғаттары әр түрлі. Сондықтан да Аллаһ Құранда әрбір қауымға, елге пайғамбарлар арқылы шариғат юібергендігін, дінде өзгеріс жасалмайтындығын баяндаған [7]. Өйткені дін өзгертілмеген, ал шариғаттар өзгертілген. Өйткені кейбір нәрселер кей адамдарға адал етілсе, базбіреулерге Аллаһ оларды харам еткен. Көптеген бұйрықтар бар Аллаһ олардың орындалуын біреулерге бұйырса, енді біреулерге тыйым салған. Олай болса, шариғаттар әр түрлі» [8].

Түрік зерттеушісі Илхами Гүлер осы мәселені былайша қорытындылайды: «Жалпылай алғанда шариғат – діннің жүйеге келтірілген пішіні. Шариғат қоғамның нақты мәселелерін жалпыға ортақ дін тұрғысынан шешеді. Шариғаттардың өзгеруі оның мәселелерінің мәңгілік емес, уақыт пен кеңістікке, қоғамның ерекшелігіне қарай өзгеретіндігін көрсетеді. Мысалы, Аллаһқа құлшылық жасау – дін, ал оның ритуалдары

өзгеруі мүмкін. Міне бұл – шариғат. Мұраны әділ түрде бөлу – дін, ал олардың мөлшерінің айқындалуы – шариғат. Ұрлық, адам өлтіру, ойнастық жасаудың жаман қылық екендігі, оларға тыйым салып, жаза беру – дін, ал олардың қалай жүзеге асырылатындығы – шариғат. Демек, дін тұрақты, өзгермейтін әмбеге ортақ, ал шариғат әрдайым өзгеруге бейім, динамикалы. Дін – жан, ал шариғат – тән. Ол өседі, өзгеріске ұшырайды, қартаяды» [9].

Діндерді осындай біртұтастық шеңберінде қарастырған мұсылман ғалымдары құқық методологиясында белгілі бір діни мәселеге қатысты үкім шығарарда бұрынғы шариғаттардың үкімдерінің негізге алынып-алынбайтындығы жайлы түрлі көзқарас білдірген. Сөздікте «бізден бұрынғы шариғаттар» деген мағынаға келетін араб тіліндегі «шаръу мән қобләнә (шәрәиу мән қобләнә)» ұғымы фикһ методологиясында пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.а.с.) бұрынғы діни үкімдердің кейбір бөліктерін бағзы ғалымдар кейбір шарттар негізінде шариғат үкімі ретінде қабылдаған. «әш-Шәриятус-сәлифә, әш-шариғатус-сабықа» деген секілді атаулармен аталған осы дәлел көбіне сүннет дәлелі, ижтихад, истисхаб секілді тақырып төңірегінде немесе дәлелдігі нақты емес дәлелдер қатарында қарастырылған.

Осы тақырыптар әсіресе Ислам мен алдыңғы діндер арасындағы нәсіх (кейінгі келген үкімнің алдыңғы үкімнің күшін жою) қатынасы, Құран мен сүннеттің алдыңғы діндердің үкімдерінің күшін жою пішіні мәселелері ерекше маңызға ие болғандықтан, кейбір кітаптарда нәсіх тақырыбының аясында қарастырылады. Кейбір ғалымдар бұл тақырыпқа қатысты көзқарастарын негіздеу үшін Пайғамбарымыздың пайғамбарлығынан бұрын алдыңғы белгілі бір пайғамбардың дінін ұстанып-ұстанбағандығы мәселесін талқыға салады. Кейбір аят-хадистерді алға тарта отырып Адам, Нұх, Ибраһим, Мұса, Иса секілді пайғамбарлардың аттарын атайды. Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) белгілі бір пайғамбардың дінін жетекшілікке алғандығын, оның ұстанған жолының бүкіл пайғамбарлардың салып кеткен сара жолы екендігін айтады. Бұған келіспеген ғалымдар мұндай жағдай орын алған болса оған қатысты мәліметтің бізге келіп жетуі қажет екенін тілге тиек ете келе оның басқа бір пайғамбардың дініне мойынсұнғандығын қабыл

етпейді. Ал кейбір ғалымдар қисын тұрғысынан мұндай жағдайдың орын алуы мүмкін болса да Мұхаммед пайғамбарға қатысты ондай міндеттіліктің тарихта орын алғандығына қатысты қандайда бір дәлел кездеспегендіктен бір үкім берудің дұрыс еместігін алға тартқан [10].

Фикһ методологиясында Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға дейінгі пайғамбарлардың шарифаттары екі бөлімде қарастырылған. Бірінші: Біздің шарифатымызда (Құран мен сүннетте) айтылмаған үкімдер. Біздің бұлардан жауапты емес екендігіміз бірауыздан құпталған.

Екінші түрі: Құранда және сүннетте аталатын үкімдер. Бұлар өз ішінде үш түрге бөлінеді:

1. Біздің шарифатымызда үкімі жойылғандар. Бұлардан жауапты емес екенімізді ғалымдар бірауыздан құптайды. Мысалы, мына төмендегі аяттар мен хадистер бұған дәлел:

«Яһудейлерге барлық тырнақты жануарларды харам еттік. Әрі оларға сиыр мен қойдың да майын арам қылдық. Бірақ олардың қыртыс майы мен іш майын, жілік майын арам етпедік» («Әнғам» сүресі, 146) деген аятта харам етілгені айтылған нәрселер «Әнғам» сүресінің 145-аятында келген **«(Әй, Мұхаммед!) Ендеше оларға былай де: «Мен өзіме келген уахидан осы айтқандарыңның ешбірінің жегісі келген жанға харам етілгенін көрген жоқпын. Тек өлексе, ағызылған қан, доңыз еті – оның жөні бөлек, өйткені ол шүбәсіз лас нәрсе немесе Аллаһқа қарсы келіп, Одан өзгенің атымен шалынған малдың етін жеу арам...» – деп айт»,** – деген аят арқылы мұның үкімі жойылған.

Соғыста түскен олжаның да харам етілуі осы секілді. Иудейлердің шарифатында соғыста қолға түскен олжаның бәрін өртеп жіберу бұйырылған (Таурат, «Тәсния» кітабы, 13/15-17). Бұған қатысты Пайғамбарымыздың (с.а.с.) *«Маған менен бұрын ешкімге берілмеген бес нәрсе берілді: Бір айлық қашықтықтан дұшпанның жүрегіне үрей салу арқылы жәрдем көрсетілді. Жер беті маған мешіт әрі таза етілді. Үмбетімнен кімге намаздың уақыты кірсе, намазын сол жерде оқысын. Олжа маған адал етілді. Алайда менен бұрын ешкімге халал етілмеген еді. Шапағат ету құқы берілді. Менен бұрын пайғамбарлар тек өз еліне жіберілсе, мен бүкіл адамзатқа жіберілдім»* [11] деген хадисі арқылы біздің

шарифатымызда олжаның адал адал етілгенін, құлшылықтың бұрынғы шарифаттардағыдай тек ғибадатханада емес, кез келген жерде оқуға рұқсат етілгендігін көреміз. Сонымен қатар тәубаға келу үшін адамның өз-өзін өлтіруі, ластық тиген жерін тазалау үшін киімнің сол жерін кесіп алып тастау секілді үкімдер бізге жүктелмеген.

2. Біздің шарифатымызда жалғасын тапқан үкімдер. Мұсылман ғалымдары бұлардан мұсылмандардың да жауапты екендігіне бірауыздан келіскен. Мысалы, ораза құлшылығы. Құранда: **«Әй, иман келтіргендер, сендерден бұрынғыларға парыз еткеніміздей сендерге де ораза парыз етілді»** («Бақара» сүресі, 183) делінген. Осы топқа кіретін үкімдердің сүннетте орын алған мысалы – құрбандық шалу. Ол Ибраһим пайғамбардың шарифатына қатысты үкім еді. Бұл үкім Пайғамбарымыздың (с.а.с.) *«Құрбандық шалыңдар. Өйткені ол – аталарың Ибраһимнің сүннеті»* деген хадисі арқылы бекітілген-ді [12].

3. Қабылданып-қабылданбайтындығына қатысты ешқандай үкім айтылмай Құранда Аллаһ тағала қысса ретінде баяндаған яки Пайғамбарымыз арқылы келіп жеткен мәселелер. Бұлар жайлы мұсылман ғалымдары түрлі пікір білдірген. Мысалы, иудейлердің шарифатындағы қысас аяты «Мәида» сүресінде: **«Тәуратта оларға былай деп әмір еттік: Жанға жан, көзге көз, мұрынға мұрын, құлаққа құлақ, тіске тіс. Жаралар да қысас болып табылады»** («Мәида» сүресі, 45) деп берілген. Судың Салих пайғамбар мен елі арасында өзара кезектесіп қолдану үшін бөлінгендігі жайлы айтылған аятта **«Оларға араларында суды бөлістіргеніміз жайлы айт. Ішу кезегі кімде болса, сол келіп суын алсын»** («Қамар» сүресі, 28) делінген. Бұл үкімдердің мұсылмандар үшін қатысты екендігі ашық білдірілмегендігі секілді, үкімдерінің жойылғандығына да қатысты мәлімет жоқ [13].

Осы соңғы түрінің дәлелге саналып саналмайтындығына қатысты ғалымдардың көзқарасы екіге жарылады:

1. Ханафи мен мәликилердің көпшілігі, шафиғилердің кейбірі және Ахмад ибн Ханбалдан жеткен таңдаулы көзқарас бойынша, алдыңғы үмбеттердің өзгеріске ұшырап, бұрмалаушылыққа жол берілген кітаптары арқылы емес Пайғамбарымызға келген уахи

арқылы бізге сенімді түрде келіп жеткен үкімдері біздерге де ортақ. Оларды басшылыққа алып, бағыну міндетті болып табылады. Мысалы, ханафилар аятта айтылған «жанға-жан» сөзін зыммиді (мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілдері) өлтірген мұсылманды, әйелді өлтірген еркекті қысас ретінде өлтіруге рұқсат екендігіне дәлел ретінде санаған. Бірінші көзқарасты ұстанғандардың алға тартқан уәждері мынау: ол да Аллаһ тағаланың түсірген шариғаттарының бірі әрі үкімі жойылғандығына қатысты ешқандай дәлел жоқ. Жаратқан иенің ол оқиғаны баяндап кетуі айқын түрде болмаса да тұспалды түрде құптағанын білдіреді. Олай болса, оны басшылыққа алу міндетті. «Әнғам» сүресінің 90-аяты соған нұсқайды. Сонымен қатар мұсылман ғалымдары осы уәждеріне дәлел ретінде «Нахил» сүресінің 123-аяты мен «Шура» сүресі, 13-аяттарын алға тартқан.

Құран кәрімде Тәуратта «тура жол, нұр және рақым бар» екенін білдерген аяттар («Мәйда» сүресі, 44), («Ағраф» сүресі, 154) [14]. Құран мен сүннетте баяндалып, үкімдері жойылғандықтары білдірілмеген алдыңғы кітаптардың үкімдерін жетекшілікке алу қажет. Өйткені олардың Құран мен сүннетте айтылуы дұрыс екендігінің дәлелі болып табылады [15].

Ибн Аббастың «Сад» сүресіндегі **«Дәуіт өзін сынаққа салып тұр деп ойлап, Раббысынан жарылқау тілеп, сәждеге бас қойып, тәубе етіп, Аллаһқа бет бұрды»** («Сад» сүресі, 38) деген аятты оқып сәждеге бас қойғандығы әрі дәлел ретінде **«Міне, сол пайғамбарлар Аллаһ тағаланың тура жолға салғандары. Сен де солардың жолын ұстан»** («Әнғам» сүресі, 90) деген аятты оқығандығы нақты мәлім. Пайғамбарымыз (с.а.с.) *«Кімде кім намазды ұмытып яки ұйықтап қалса, есіне түскен кезде оқысын»* дегеннен кейін **«...мені еске алу үшін намаз оқы»** («Таһа» сүресі, 14) деген аятты оқыған. Ғалымдар парыз намаздың қазасын өтеудің де парыз екендігіне қатысты осы аят-хадистерге сүйене отырып дәлел келтіреді. Алайда бұл аят Мұса пайғамбарға (а.с.) қаратыла айтылған. Аллаһтың елшісінің алдыңғы шариғаттарға қатысы жоқ болса, бұл аятты оқудың пайдасы болмас еді. Сонымен қатар пайғамбарымыз зина (ойнастық) жасаған үйленген бір иудейді тасборан етуге қатысты үкім шығарғанда Тәуратқа жүгінген [16].

Абдуллаһ ибн Аббас та Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Мәдинаға келген кезде иудейлердің ашур күні ораза ұстауының мәнісін сұрап, осы мүбәрак күнде Аллаһтың Исраилұрпақтарын жауларынан құтқарғандығын, сондықтан осы күні Мұсаның ораза ұстайтынын айтқанда, Аллаһ елшісі **«Мен Мұсаға сендерден гөрі жақынмын»** деп сол күні ораза ұстап, мұсылмандарға да ораза ұстауды бұйырғандығын айтқан [17]. Бұл хадис те Пайғамбарымыздың алдыңғы үмбеттерге тиесілі кейбір үкімдерді дәл солай жасағандығын көрсетеді.

Фикһ ғалымдары жоғарыда Салих пайғамбардың шариғаты жайлы келген **«Оларға судың араларында бөлістірілгендігі жайлы хабар бер...»** деген аяттағы «мухаияә» (бір нәрсені кезектесіп қолдану) жолы арқылы ортақ малды өзара бөлісіп қолдануға рұқсат екендігіне дәлел ретінде санаған. Бұл аят Салих пайғамбар мен елі арасында суға қатысты пікірталасты шешу үшін түскен. Осыған орай белгіленген күнге қарай суды қолдану қажет еді. Түйеге арналған күнде Салихтың елі тек қана түйенің сүтін ғана қолдана алатын. Осындай бөлістің үкімінің жойылып-жойылмағандығына қатысты Құранда кесімді үкім жоқ.

Тағы да Жүсіп пайғамбардың қыссасында патшаның су ыдысын алып келген адамға бір түйеге жүк боларлық сый берілетіндігін баяндаған аятты («Юсуф» сүресі, 72) ғалымдар сый тағайындаудың рұқсат екендігіне дәлел ретінде санаған.

Ханбали мәзһабының ғалымдары да еңбектің мәхир ретінде жүретіндігіне Шұғайып пайғамбардың қыздарын қалыңдыққа беру үшін Мұса пайғамбарға өзіне сегіз жыл жалданып жұмыс істеуді талап еткендігін баяндаған «Қасас» сүресінің 27-аятын дәлел ретінде алға тартқан.

2. Шафиғиларда басымдық берілген көзқарас бойынша, әшғари, мұғтазилиттер мен шиғалардың көзқарасында біз бұрынғы шариғаттардың үкімдерінен жауапты емеспіз [18]. Олар өздерінің пікірлерін қуаттайтын мынадай уәждерін алға тартады:

- Бұрынғы шариғаттардың үкімі уақытша, белгілі бір үмбеттерге ғана тән еді. Ал Ислам діні қияметке дейін жалғасады әрі өзінен бұрынғы шариғаттардың үкімінің күшін жойды.

Өйткен Пайғамбарымыз (с.а.с.) «...*Менен бұрын пайғамбарлар тек өз еліне жіберілсе, мен бүкіл адамзатқа жіберілдім*» деген. Аллаһ тағала: **«Сен олардың арасында Аллаһ саған жіберген Құран сөзі бойынша үкім жүргіз. Өзіңе келген ақиқаттан бұра тартып, олардың әуейіне ерме! (Әй, үмбеттер!) Әр қайсыларыңа бір шарифат және бір жол бердік»** («Мәида» сүресі, 48) деп Жаратқан иенің әрбір үмбетке өздеріне тән шарифат бергендігін айтады. Олай болса, алдыңғылардың үкімдері біздерге жүрмейді.

- Пайғамбарымыз Мұғаз ибн Жәбәлді (р.а.) Йемен еліне жіберерде, одан қалай үкім шығаратынын сұраған кезде ол Аллаһтың кітабы бойынша, одан таппағанда Пайғамбар сүннеті бойынша, одан да таппаса өз көзқарасы бойынша үкім шығаратындығын айтқандығын келтіре отырып, егер бұрынғы шарифаттардың үкімдерін жетекшілікке алу қажет болса, Мұғаз оны білдірер еді яки Пайғамбарымыз оны есіне салар еді. Оған назар аудармастан ижтихад жасауы дұрыс болмас еді.

- Бірінші көзқарасты жақтаушылардың алға тартқан дәлелдері иләһи діндердің таухид, иман, сауап, күнә, жаза, өлгеннен соң қайта тірілу, дін, жан, ар-намыс, ақыл мен дүние мүлкін қорғау секілді негізгі мәселелерде ортақ екенін көрсетеді. Өйткені шарифаттар өзгергенімен, бұлар өзгермейді. Кез келген үмбеттің бұларға мойынсұнуы қажет [19].

Негізінен жоғарыда Мұғаз ибн Жәбәлдің (р.а.) риуаят еткен хадисінде алдыңғы шарифаттардың айтылмауына олардың Құран мен сүннетің аясына кіргендігі дәлел. Өйткені оны тек қана Құран мен сүннет арқылы білу мүмкін. Сондықтан олар бөлек айтылмаған [20].

У. Зухәйли бұл мәселені былайша түйіндейді: «Шарифатымызда үкімі жойылмағандардың тысында, біздің шарифатымыз басқа шарифаттардың үкімін жойған. Бұны барлығы бірауыздан мойындайды» деушілерге «Шарифатымыз оған қарама-қайшы келген үкімдерді ғана жойған. Ал үкімін жоймай, ол жайлы еш нәрсе айтпағандары тұспалды түрде біздер үшін де шарифат саналады. Өз кезегінде ол да иләһи үкім болып табылады. Құран кәрім Тәурат пен Інжілді растайды. Қысастың, зина жасау мен ұрлықшының жаза-сы да осыған дәлел» деп жауап берілгендігін,

алайда өзінің екінші көзқарасты таңдайтынын айта келе... «Бізден бұрынғы шарифаттардың өз алдына бөлек діни дәлелдердің бірі емес, керісінше оның Құран мен сүннеттің үкімдерін жетекшілікке алу болып табылатынын ұмытпау қажет. Өйткені оны жетекшілікке алу үшін Аллаһ пен Оның елшісі (с.а.с.) жоққа шығармастан, үкімінің жойылғанын хабар берместен біздерге баяндауы шарт. Сондықтан ол негізінде Құран мен сүннетке сүйенеді» [21], – дейді.

3. Шағбан да өз ойын: «Зер сала қарасақ, бізден бұрынғылардың шарифаты негізінде өзі бөлек бір дәлел емес, түбі Құран мен хадистің ауқымына кіретінін байқаймыз. Жоғарыда айта кеткеніміздей, бізден бұрынғылардың шарифатына қатысты оқиға Құранда немесе сүннетте баяндалып, оның үкімінің қабылданбайтындығына қатысты ешқандай үкім білдірілмесе, мұсылмандар тарапынан ол үкімнің жойылғандығына қатысты ешқандай дәлел айтылмаса, ол басшылыққа алынады. Демек, ол Құран мен сүннеттің ауқымына кіреді» [22], – деп қорытындылайды.

Бізден бұрынғы діндердің шарифат дәлелдерінің арасында саналып-саналмау мәселесінің талқылануы ислам дінінің алдыңғы иләһи діндермен қатынасының қаншалықты деңгейде біртұтастық шеңберінде екендігін айқындау мақсатында өзіндік орны бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей Құран кәрім және сүннетте Пайғамбарымыздан бұрын жіберілген елшілердің де хақ дінмен жіберілгендігі, барлығының мұсылман болғандығы айтылумен қатар иудейлер мен христиандардың кітаптарын бұрмалағандықтары да баяндала келе, діннің бір Жаратқан тарапынан келгендігі айтылған-ды. Осы ақиқаттарға сүйенген мұсылман ғалымдары алдыңғы иләһи діндерге де мән беріп, киелі кітаптарды зерттеуге айрықша назар аударып, салыстырмалы зерттеулер жүргізген. Бұрынғы діндердің үкімдерін талқылау діндердің ортақ тұстары мен айырмашылықтарын анықтауда маңызды рөл ойнаған. Қорытындылай келе, мұсылман ғалымдарының бұл тақырыпты талқылауы өз кезегінде діндер тарихына ислам дінінің көзқарасы мен ұстанымдарын айқындау тұрғысынан ғылыми мәнге ие екендігін айтуға негіз бар.

Әдебиеттер

- 1 Яблоков И.Н. Религиоведение. – М., 1998. – 184-185-б.
- 2 Унал А. Дин етрафында. – Ыстамбұл, 2007. – 15-17-б.
- 3 Сейтбеков С. Иман негіздері. Алматы: Көкжиек, 2010. – 14-15-б.
- 4 Түмер Г., Күчүк А. Динлер тарихы. 2-басылым. – Анкара, 1993. – 35-36-б.
- 5 Бұл хадис Имам Бухари, Мұслим және Ахмад ибн Ханбалдың хадис жинақтарында келтірілген.
- 6 Саид Хатибоглы М. Дин-шариат фарқы үзерине, Исламиат (үш айда бір шығатын ғылыми журнал). – 1-т. – №4 (еким-аралык). 1998. Анкара, 2002. – 2-басылым. – 9-13-б.
- 7 Құран кәрім, Халифа Алтай, («Мәида» сүресі, 48), («Әнбия» сүресі, 25), («Рум» сүресі, 30).
- 8 Әбу Ханифа, әл-Алим уәл-мутааллим, Имам Азамын беш есери, (түрік тіліне аударған: М. Өз), Стамбул, 1981. – 15-16-б.
- 9 Гүлер И. Дин, Ислам ве шериат, айнликлер, фарклылыклар ве тарихи дөнүшүмлер, Исламиат (үш айда бір шығатын ғылыми журнал), 1-т., №4 (еким-аралык), 1998. – Анкара, 2002. – 2-басылым. – 66-67-б.
- 10 Бұл тақырыпқа қатысты толыққанды мәлімет үшін қараңыз: Шәукәни, Иршадул-фухул, Бейрут, 1439-400-б.
- 11 Бухари, Тәйәммүм бөлімі, ас-Солә, 56; Мұслим, Мәсәжид, 3; Нәәи, Ғұсыл, 26.
- 12 Ибн Мажә, Адахи, 3
- 13 Зухәйлий У. Әл-Уәжиз фи усулий-фиқһ. Бейрут: Дәрул-фикр, 1995. – 102-б.
- 14 Құран кәрім, Халифа Алтай («Мәида» сүресі, 44), («Ағраф» сүресі, 154).
- 15 Каракая Х. Фыкыһ усулу. – Стамбул, 1995. – 175-б.
- 16 Зухәйли У. Әл-Уәжиз. – 103-б.
- 17 Бухари, Саум, 69; Мәнәкиб бөлімі, Ансар, 52; Мұслим, Саум, 127.
- 18 У. Зухәйли, 103-б.
- 19 Екінші топтағы ғалымдардың уәждеріне қатысты көбірек мәлімет алу үшін қараңыз: И. Кафи Дөнмез, Шару мән каблена, Ислам Ансиклопедиси, ТДУ. – Стамбул, 2010. – 39-т. – 17-18-б.
- 20 Каракая Х. Фыкыһ усулу. – 177-б.
- 21 Зухәйли У. Әл-Уәжиз. – 104-б.;
- 22 Шағбан З. Ислам хукук илминин есаслары (Усулул-фиқһ), (түрік тіліне аударған: И.К. Дөнмез). – Анкара, ТДУ. 1990. – 180-183-б.

References

- 1 I.N Yablokov, Religiovedeniye, Moskva, 1998, 184-185-b.
- 2 A. Unal, Din etrafında, Stambul, 2007, 15-17-b.
- 3 S. Seytbekov, Iman negizderi, «Kokjiyek» baspasi, Almaty, 2010, 14-15-b.
- 4 G. Tumer, A, Kuchuk, Dinler tarihi, 2- basilim, Ankara, 1993, 35-36-b.
- 5 Bul hadis Imam Buhari, Muslim jane Ahmad ibn Hanbaldin hadis jinaktarında keltirilgen
- 6 M. Said Hatibogly, Din-shariat farki uzerine, Islamiyat (ush ayda bir shigatin gilgimi jurnal), 1-t., №4 (ekim-aralik), 1998, Ankara, 2002, 2-basilim, 9-13-b.,
- 7 Quran Karim, Halifa Altay, («Maida» suresi, 48), («Anbiya» suresi, 25), («Rum» suresi, 30)
- 8 Abu Hanifa, al-Alim ual-mutaallim, Imam Azamin besh eseri, (turik tiltine audargan: M. Oz), Stambul, 1981, 15-16-b.
- 9 I. Guler, Din, Islam ve shariat, ainilikler, farkliliklar ve tarihi donushumler, Islamiyat (ush ayda bir shigatin gilgimi jurnal), 1-t., №4 (ekim-aralik), 1998, Ankara, 2002, 2-basilim, 66-67-b.
- 10 Bul takiripka katisti tolikkandi malimet ushun karaniz: Shaukani, Irshadul-fuhul, Beyrut, 1439, 400-b.
- 11 Buhari, Tayammum bolumu, as-Sola, 56; Muslim, Masajid, 3; Nasi, Gusl, 26
- 12 Ibn Majah, Adahi, 3
- 13 U. Zuhaili, al-Uaciz fi usulil fikh, Darul-fikr, Bayrut, 1995, 102-b.

-
- 14 Quran Karim, Halifa Altay, («Maida» suresi, 44), («Araf» suresi, 154)
 - 15 H. Karakaya, Fikh usulu, Stambul, 1995, 175-b.
 - 16 U. Zuhaili, al-Uaciz, 103-б.
 - 17 Buhari, Saum, 69; Manaqib bolumu, Ansar, 52; Muslim, Saum, 127
 - 18 U. Zuhaili, al-Uaciz, 103-б.
 - 19 Ekinci toptagi galimdardin uajderine qatisti kobirek malimet alu ushin karaniz: I. Kafi Donmez, Sharu man qoblana, Islam ansiklopedisi, TDU, Stambul, 2010, 39-t., 17-18-b.
 - 20 H. Karakaya, Fikh usulu, 177-б.
 - 21 U. Zuhaili, al-Uaciz, 104-b.
 - 22 Z. Shaban, Ialam hukuk ilminin esaslari (Usulul-fkh), (turik tiline audargan: I.Kafi Donmez), Ankara, TDU, 1990, 180-183-b.